

Ә.Н.Насыритдинова

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана  
(E-mail: asemgul\_kazatu@mail.ru)*

## **Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері**

Мақала техникалық терминология және олардың қолданылу ерекшеліктері мәселелеріне арналған. Тіл білімінің бір саласы ретінде терминологияда да осы ғылымға тән ерекшеліктердің бәрі кездеседі. Сонымен бірге терминология өз ішінде тіл білімінің барлық заңдылықтарын дерлік қолданады. Осындай заңдылықтардың бірі болып табылатын омонимия құбылысы термин саласына да тән. Терминологиядағы омонимдер салааралық және жүйеаралық деп бөлініп, жалпы қолданыстағы дәл осылай дыбысталатын сөздерден ерекшеленеді. Терминологиядағы омонимдер түрлі мағынаға ие болуымен қатар, түрлі терминологиялық жүйеде қолданылуы керек. Автор техника саласындағы омоним-терминдерге талдау жасап, аударма оқулықтардағы олардың қолданысына тоқталды.

*Кілт сөздер:* техникалық терминология, терминдену, омонимия, көпмағыналылық, термин.

Терминологияда салааралық терминдер тобының өзіндік орны бар. Олар, аты айтып тұрғандай, бірнеше салаға ортақтығымен ерекшеленеді. Әр салада атқаратын өзіндік қызметі болғанымен, жалпы терминологияда оларды омоним-терминдер деп атау қалыптасқан. Омоним-терминдер барлық сала терминологиясына тән. Қазақ тіліндегі техникалық терминдер де даму үдерісін басынан өткеріп, омонимдік сипатқа ие бола алды. Лингвистер омонимдердің болу себептерін атап өтуде. Атап айтсақ, В.В.Виноградов осы жасалу тәсілінің өнімсіздігін атай келе, «омонимдердің біршама аз бөлігі біртұтас лексеманың бірнеше омонимдік бірліктерге семантикалық ыдырауы арқылы жасалған» деп тұжырымдайды [1]. А.А.Реформатский туынды омонимия үдерісінің едәуір белсенділігін айта келіп, орыс тілінде «шеттен енген кірме сөздер арқылы пайда болған омонимдердің саны басым» екендігін алға тартады [2]. В.И.Абаев омонимдердің жасалуына қарай оларды этимологиялық (шығу тегі әр түрлі сөздердің дыбыстық сәйкес келуі), семантикалық (көпмағыналы сөздің ыдырауы) және сөзжасамдық (сөзжасамдық үдеріс нәтижесінде сөздердің үйлесуі) деп бөледі [3].

Лексикалық омоним-терминдер, яғни басқа тілдік таңбамен мағынасы сәйкес келмегенімен, бірақ дыбысталуы жағынан сәйкес келетін терминологиялық таңбалар арқылы ерекшеленеді. Дәстүрлі түрде олар екі негізгі — салааралық және жүйеаралық омоним-терминдерге бөлінеді.

Салааралық омонимдер — қайта ойлауға ұшыраған және басқа ғылымның термин жүйесіне кірген бір ғылым саласының терминдері. Салааралық омонимия үшін екі міндетті сипат тән: терминдердің түрлі анықтамалары болуы және осы терминдер түрлі терминологиялық жүйелерде қолданылуы тиіс. Зерттеуші А.К.Мұсағұлова көптеген жағдайларда салааралық омонимдердің қатар жүруі олардың латын түбірінен жасалуынан мүмкін болып отырғанын айтады [4].

Мәселен, техникалық және бизнес саласы терминологиясының омонимдеріне тоқталсақ:

«Амортизация» (*amortisatia* — төмендеу) — арнайы жабдықтардың көмегімен қозғалыс, әрекет кезінде соққы, сілкіністің күшін жұмсарту. Техникалық термин ретінде «амортизация» ұғымына осындай анықтама берілсе, бизнес саласының термині ретінде «амортизация» (*amortisatia* — төмендеу) — негізгі қорлардың (құрылғылардың, машиналардың, құрал-жабдықтардың) өзгеруі салдарынан олардың құнының біртіндеп төмендеуі, сондай-ақ жаңарту мақсатында негізгі қорлардың құнын өндірілетін өнімге біртіндеп ауыстыру деген мағынаға ие.

«Ремиз» (*remiso* — өзек) сөзі техникалық термин ретінде — ұршық жіптері салынатын жұтқыншақтың түзілуінде негіздің жіптерін көтеру мен түсіруді орындайтын тоқу станогының техникалық тетіктерінің жиынтығы. Ал бизнес термині ретінде «ремиз» (*remiso* — өзек) — биржа маклерінің құнды қағаздардың маклері мен сатып алушысы арасындағы делдал тұлғаға төлейтін комиссиялық сыйақысы.

Өсімдіктану және техника салаларының омоним-терминдеріне мысал ретінде «желкен» сөзін қарастыруға болады.

Мәселен, жалпы қолданыстағы «кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың матаны» білдіретін «желкен» сөзі өсімдіктануда гүлдің «ең ірі жоғарғы күлтежапырақшасы»

деген ұғымды білдіреді. Бұл терминнің жалпы қолданыстағы мағынасына сай техника саласында да қолданылатыны белгілі. Бұндай омоним-терминдердің қай салаға қатысты екенін тек белгілі бір контекст аясында ғана анықтай аламыз. Сондықтан да мұндай терминдерді талдау барысында контекст деңгейінде қарастырған жөн.

Техника саласындағы көптеген төл терминдеріміз жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалып, жалпы тіл білімі саласында омонимдік қатар құруда. Ал ондай жалпы қолданыстағы сөздердің қатарынан терминдік сипат алғандарды да жеке-дара күйінде қай мақсатта (термин не қарапайым қолданыста) жұмсалып тұрғанын айқындау мүмкін емес. Олардың да нақты қолданыс шеңберін тек тіркес не сөйлемдегі мағынасына қарап саралаймыз. Мәселен, физика саласында «жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама» мағынасындағы «үдеу» термині бар. Аталған термин бұл жерде, әрине, зат есім орнында жұмсалып, грамматикалық жағынан зат есім қызметін атқарады. Сонымен қоса «бір нәрсенің қалыпты шамадан артуы, ұлғаюы, күшеюі» мағынасында етістік тұлғалы «үдеу» сөздің жеке тұрғандағы грамматикалық мағынасын аңғару мүмкін емес. Оны тек сөздің аталған мағыналарында жұмсалған мәтін не сөйлем, сөз тіркесі аясында бақылаймыз. Мәселен, *где  $A_1$  — амплитуда аналога ускорения на участке разгона* [5; 101] сөйлемінің *мұндағы  $A_1$  — үдеу аналогінің амплитудасы* [6; 79] қазақша нұсқасында аталған сөздің терминдік сипаты анық аңғарылады.

Яғни, омонимия құбылысы жалпы қолданыстағы сөздік қорда да, терминологиялық қорда да орын алады. Аталған екі үдерістің ара-жігін айқындаған ғалым В.Виноградов жалпы әдеби тілде сөздің бұл үдеріспен жасалуы ұзақ уақыт қалыптасатынын, ал терминологияда бұл жолмен жасалған терминдердің қалыптасуы үшін ұзақ мерзімнің қажеті жоқтығын айтса [7], В.П.Даниленко ғылым тілінде семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің жалпы терминге қойылатын барлық сұранысты өтеп отырғанын айтады [8]. Бұл пікірді қолдаған Ш.Құрманбайұлы: «Терминологиядағы семантикалық тәсілдің жалпы тілдегі тағы бір басты айырмашылығы — жалпы әдеби тілде сөз мағынасының алмасуы арқылы жаңа сөздің жасалуы жалпы лексикалық өріс ішінде, яғни тілдің үлкен жүйесінің шеңберінде, болып жататын процесс болса, терминологияда бұл процесс тілдің екі жүйесінің арасында немесе терминологиялық өрістер арасында жүріп жатады» [9], — деп қорытады.

Яғни, жалпы қолданыстағы сөз белгілі бір ғылым саласының термині болып қабылданып, терминологиялық қорға өтеді. Мәселен, жалпы әдеби қолданыстағы «құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан» деген мағынаны білдіретін «желі» сөзі электроэнергетика саласының «белгілі бір кеңістікке энергияны таратуға арналған жүйе» мағынасын қабылдап, аталған ғылым термині ретінде қалыптасты. Бұл сөз «мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін бір-бірімен телеқатынас құру құралдары», яғни «компьютерлік желі», мағынасындағы термин ретінде информатика саласында да қолданылады. *При передаче больших мощностей (например, нескольких десятков мегаватт) в реальных линиях передач КПД составляет практически 0,94–0,97, а  $U_2$  лишь на несколько процентов меньше  $U_1$*  [10]. *Нақты желілерде (мысалы, бірнеше ондаған мегаватт) үлкен қуаттарды беруде ПЭК  $\eta = 0,94–0,99$  болса, ал  $U_2$  кернеуі  $U_1$ -ден бірнеше пайызға (процентке) кіші болады* [11; 116]. Бұл сөз *мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін бір-бірімен телеқатынас құру құралдары, яғни компьютерлік желі, мағынасындағы термин ретінде информатика саласында да қолданылады. Егер компьютер жергілікті желіге қосылған болса, онда вирустың таралуына бұрынғыдан да кең жол ашылады* [12; 169]. *Распространение вирусов становится наиболее широким в случае, когда ПЭВМ соединены в единую сеть* [13; 150]. Аталмыш мысалдардағы алғашқы «желі» терминінің қалыптасуына әдеби тілдегі «желі» сөзінің «екі қазық арасына кере тартылатын арқан» деген мағынасы уәж болып тұр. Ал «компьютерлік желі» терминінің негізінде энергетика саласындағы терминнің мәні жатқанын аңғару қиын емес. Яғни, екі сала термині өзара терминологиялық омонимияға жол беріп тұр.

Сондай-ақ ақпараттық технология ғылымындағы «файл жазбасының дербес мағынасы бар қызметтік бөлігі, яғни кесте түріндегі базаның бір бағанасы» және «экранның белгілі бір мақсатта пайдаланылатын бөлігі» мағыналарында қолданылатын «өріс» сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде» мынадай түсінік беріледі: 1) ауыл маңынан шалғайлау, оты мол, мал жайылымдық жер [14; 659]. Сонымен бірге бұл сөздің механика саласындағы «векторлық өріс», «магниттік өріс», «кернеулер өрісі» сияқты тіркесті терминдер жасайтынын білеміз. Яғни, «өріс» сөзінің термин ретіндегі қолданыстарының мағынасына жалпы халықтық тілдегі «өріс» сөзі уәж болып, белгілі бір жұмысқа, әрекетке, мақсатқа арналған орын, кеңістік, бөлік, аймақ, аудан деген ұғым беріп тұрғанын байқаймыз.

Информатика саласына қатысты аударма еңбектен мысал келтірсек:

Алдымен «Адрес» **өрісін** қарастырайық. Бұл **өрісте** FTP адресі былай теріледі: *ftp://ftp.relcom.ru* [12; 365]. *Прежде всего рассмотрим поле «Адрес». В этом поле набирается адрес FTP в виде ftp://ftp.relcom.ru»* [13; 348].

Тіліміздегі сөздердің мағыналық жағынан дамуы негізінде жасалған мұндай терминдерді конверсия үдерісінің нәтижесі деуге болады.

Ендеше, жоғарыда ғалым айтқандай, әдеби тілдегі сөздер терминологиялық қорға еніп, осы жүйенің мүшесіне айналып отыр.

Ал қызмет ұқсастығына екі ғылым саласында да қолданылып жүрген «жетек» сөзін жатқызуға болады. Аталмыш сөздің қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі мағынасы «арбаның, шананың алдына орнатылған, ат жегілетін оқағаш; нокта, шылбыр тәрізді бас жіптен ұстап ертіп жүру» болса, техника саласындағы жетек сөзінің мағынасы «машиналар мен механизмдерді іске қосатын құрылғы». Ерте кезеңдегі көлікті жүргізу әрекетінің атауы қазіргі таңдағы машиналар мен механизмдерді жүргізетін құрылғыға жанама уәжілік арқылы балама болып тұр. Ендеше «жетек» сөзінің тіл білімінің бір қорынан екіншісіне ауысуына атқаратын қызметі негіз болып отыр.

Сонымен бірге «адам баласына тән ой, ес» мағынасындағы «жады» сөзі кезінде психология термині ретінде қолданылса, кейіннен психология саласынан техника саласына өтіп, компьютер техникасының ақпаратты сақтау жүйесінің көлемін білдіретін термин ретінде бекітілген.

*Жүйелік блок мыналардан тұрады:*

- микропроцессор;
- оперативті есте сақтаушы құрылғы, немесе **жедел жады**;
- тұрақты есте сақтаушы құрылғы;
- қоректену блогы мен мәлімет енгізу-шығару порттары [12; 31].
- Системный блок ПЭВМ содержит:
- микропроцессор;
- оперативное запоминающее устройство;
- постоянное запоминающее устройство;
- блок питания и порты ввода-вывода [13; 27]

*Өңделуге тиісті кез келген мәлімет алдымен компьютердің сыртқы жадынан (магниттік дискілерден) жедел жадына жазылады* [12; 35].

*Любая информация при обработке предварительно переписывается компьютером из внешней памяти (с магнитных дисков) в оперативную память* [13; 30].

*Процессордың өте жылдам істейтін тағы бір шағын көлемді жады бар, оны кэш-жады (Cash) немесе бүркеме-жады деп атайды. Ол жедел жад пен процессордың жұмысын жылдамдату үшін аралық дәнекер жады ретінде пайдаланылады* [12; 37].

*Cash (кэш-память) — это особая высокоскоростная память процессора. Она используется в качестве буфера для ускорения работы процессора с ОП* [13; 32].

Осы сөз арқылы іс жүргізуде жадынама (памятка) атауы бар екендігін айта кету керек.

Және де «белгілі бір затты қысып тұру үшін сыртынан айналдырып ұстатқан темір шеңбер» мәніндегі «күрсау» сөзінің қызметтік ұқсастығына, пайдалану мақсатының сәйкестігіне байланысты орыс тіліндегі «обод» сөзінің нақ аудармасы болып тұр. Себебі «Орыс тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде» «обод» сөзіне берілген түсініктеме: 1) тартып тұратын шеңбер түріндегі доңғалақтың сыртқы бөлігі; 2) қандай да бір шеңбер түріндегі құралдың бөлшегі дегенге саяды.

*ПЛ-5-35 жартылай аспалы плугтың артқы тіреуіш доңғалағы жер жырту тереңдігін реттеуге арналған. Тиісті тереңдікке қою үшін тіректе белгілер жасалынған. Артқы тіреуіш доңғалағы тіректен, тұтқыштан, жартылай осьтен және доңғалақ дискілі құрсаудан тұрады* [15].

*Колесо опорное заднее полунавесного плуга ПЛ-5-35 предназначено для регулировки глубины пахоты. Для установки необходимой глубины пахоты на стойке нанесены деления. Колесо опорное заднее состоит из стойки, державки, полуоси и обода с диском колеса* [16].

Техника саласында жүк машинасының қорабы термин түрінде «шанақ» деп қабылданған. Аталған сөздің терминдік қатарға өтуіне оның жалпы қолданыстағы нұсқасының мағынасы әсер еткен. Жалпы қолданыстағы «шанақ» сөзі мынадай түсінік береді:

- 1) қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының үшбұрышты я домалақша келген дүмі;
- 2) диірменнің астық құйылатын немесе ұн төгілетін жәшігі;

- 3) арбаның қорабы;
- 4) өңделген теріден істелген сусын құятын үлкен ыдыс;
- 5) өсімдіктің гүл қауашығы [14; 901].

Осы мағыналарының ішінен «арбаның қорабы» мағынасындағы нұсқасына сай терминге ауысқан бұл сөзде басқа мағыналардың да көрінісі жоқ емес. Сонымен бірге бұл терминнің музыка саласына да тән екенін білеміз. «Шанақ» сөзінің көрсетілген мағыналарына ортақ белгі — белгілі бір заттың сыртын қаптап тұратын дүние екендігі. Яғни, әр түрлі екі салаға тиесілі терминдер өзара омонимдік қатар құрады.

Сөздердің метафоралануы арқылы термин қалыптасу тек біз сөз етіп отырған терминдену тәсілінде ғана емес, терминжасамның морфологиялық, синтаксистік, калькалау сияқты барлық тәсілдерінде де байқалады. Себебі бір ұғымға ат беру оның басқа ұғымдармен ұқсастыру, шендестіру жолымен іске асады. Ал ұқсастырудың өзі метафоралық құбылыс екенін ескерсек, қосымшалармен де сөздердің бірігуі, тіркесуі әдісімен де жасалған терминдер сипатында басқа бір атаумен салыстыру жатады.

Терминолог-ғалым Ш.Құрманбайұлы тіл білімінде бұл үдерістің әр басқа аталып жүргенін сөз етіп, талқылай келе, В.Иванов, В.Даниленко еңбектеріндегі «екінші терминдену» атауының нақтылығына күмән туғызатын мәселе ретінде: «редукция» термині философияда, заң ғылымында, тіл білімінде қолданылса, «ісіну» термині геологияда, медицинада, жол шаруашылығы терминологиясында қолданылады... Егер сөздің немесе терминнің қанша рет терминденгеніне, яғни неше ғылым саласына ауысқанына қарап айтар болсақ, онда «үшінші терминдену», «төртінші терминдену» деп терминологиядағы бір ғана құбылысты бірнеше атаумен атауымызға тура келген болар еді... Термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалады» деген мысал келтіреді де, ішкі терминдену деп атауды ұйғарады [17].

Мәселен, біз жоғарыда сөз еткен «өріс» сөзі алғашында физика термині болып, кейіннен ақпараттық техника саласына ауысқан. Яғни, терминологиялық жүйе салалары арасында терминдену үдерісі жүзеге асатындықтан, ғалым ұсынған «ішкі терминдену» атауын қолдаймыз.

Ендігі жерде ішкі терминденудің терминдердің қатарын толықтырудағы үлесін саралауға болады.

Әдеби қордағы «сақина» сөзіне түсіндірмелі сөздікте мынадай түсінік беріледі:

1. Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалған жүзік.
2. Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т.б. жасалған дөңгелек шеңбер.
3. Ұстамалы бас ауруы [14; 700].

Осы сөздің «дөңгелек, шеңбер» деген мағынасы сыртқы ұқсастығы жағынан метафоралық уәжділік арқылы техника саласындағы «кольцо» терминінің қазақша баламасы ретінде алынып, одан «сақина диск», «сақиналы серіпше», «сақиналық ағынша», «сақиналық күш», «сақинаның иілуі» сияқты көптеген тіркесті терминдер туындаған.

Алдымен техника саласына термин ретінде ауысқан «сақина» сөзі кейіннен электр энергетикасы мен ақпараттық технология салаларына да көшіп, терминологияда ішкі терминдену үдерісі орын алған.

Электр энергетикасы ғылымында «сақиналы түйіспе» ұғымына «электр тізбегінің цилиндрлік бетте сырғымалы электрлік түйіспе жасайтын сақиналы түйіспесі» деген анықтама беріледі. Яғни «сақиналы» сөзі түйіспе үдерісіне «тұйықталған, бас-аяғы жалғасқан» деген мағына үстейді.

Ал ақпараттық технология ғылымында осы сөздің қатысуымен жасалған «сақиналық желі», «сақиналық құрылым әдісі», «сақиналық тізім» сияқты синтаксистік тәсілмен жасалған терминдер кездеседі. Оларды аталған саланың «Түсіндірмелі сөздігінде» былай сипаттайды:

«Сақиналық желі (кольцевая сеть) — топологиясы сақина түрінде болып келген (тұйық контур тәрізді) есептеу желісі».

«Сақиналық құрылым әдісі (метод кольцевых структур) — тізімнің соңғы жазбасының басына нұсқағышы бар тізбелік тізімді компьютер жадына ұсыну әдісі».

«Сақиналық (циклдік) тізім — (кольцевой (циклический) список) — әрбір құрауыштың сол тізімде бір ғана алдыңғы және бір ғана келесі құрауышы бар тізбелік тізім; соңғы элементтің бірінші элементке сілтемесі болады» [18].

Келтірілген терминдердің барлығында да «сақина» сөзінің бір ғана мағынасы арқылы уәжделіп, термин қатарына қосылған.

Өзге тілден енген сөздердің ішкі терминдену үдерісіне әсері зерттеу әдебиеттерінде кеңінен талданған. Олардың қатарында біз жоғарыда мысал еткен ғалым еңбегіндегі «редукция» терминінен басқа, «морфология», «стержень» сияқты терминдер мысал бола алады.

Терминология саласында жеке қолданыста қос сөз ретінде не жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз ретінде жұмсалатын сөздер де өзгеріске түспей, мағынасының кеңеюі нәтижесінде қалыптасқан терминдер де бар. Сондай-ақ осы еңбектен тағы бір мысал ретінде *Кинематикалық жұптың ылғи тұйық болуы серіппемен (күштік тұйықтау) немесе профильді паз түрінде жасау (геометриялық тұйықтау) қамтамасыз етіледі* [6; 76] деген сөйлемді алуға болады. Құрылымындағы сөздердің қосымшалары дұрыс жалғанбағандықтан немесе түсірілгендіктен, сөйлем мағынасы күдік тудырады.

Берілген мысалдың орыс тіліндегі нұсқасы: *Постоянное замыкание кинематической пары достигается пружиной (силовое замыкание) или изготовлением профиля в виде паза (геометрическое замыкание)* [5; 97]. Яғни, біздіңше, сөйлемді *Кинематикалық жұптың ылғи тұйық болуы серіппемен (күштік тұйықтау) немесе профильдің паз түрінде жасалуымен (геометриялық тұйықтау) қамтамасыз етіледі* деп қазақшалаған дұрыс секілді.

*Геометрическим местом мгновенных центров скоростей звеньев — аксоид, вращающихся вокруг осей, пересекающихся под углом  $\delta$ , являются конусы* [5; 114] деген сөйлемнің қазақ тіліндегі « $\delta$  бұрышымен қиылысатын кіндіктерді айналатын звенолардың лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны — конустар болып табылады» [6; 92] нұсқасы да дұрыс аударылғандығына күмән туғызады. Бұл мысалдағы *лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны — конустар болып табылады* деген тіркестің құрылымында қателік орын алған. Негізінен *орталар геометриялық орны* емес, *орталығының геометриялық орны* болуы керек сияқты. Сөйлемнің стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылмауы — техникалық аударма мәтіндерде көптеп кездесетін кемшілік. Бұл кемшіліктер қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық мәтінді түсінуге кедергі жасап, оны оқушылардың бойында мемлекеттік тілде жазылған техникалық оқулықтарға күмәнмен қарау түсінігін тудырады. Осыдан барып, орыс тілді мамандар арасында техникалық ғылым тілін жасауға қазақ тілінің мүмкіндігі жетпейді деген ұғым қалыптасады. Сондықтан да техника саласының мәтінін мемлекеттік тілге аударуда немесе қазақ тілінде оқулық жазарда мамандардың тіл заңдылықтарын қатаң сақтап, сөйлем құрылымына баса назар аударғаны жөн.

Ал, техникаға арналған оқулықтар мен оқу құралдары тілінде терминдерді аударудағы түрлі кемшіліктер бұл бағыттағы жұмыстарды ақсатады. Техникалық мәтінде терминдердің түрлі нұсқада берілуі, аудармасы қалыптасып қалған терминдердің шет тілдік нұсқасының қолданылуы секілді мәселелер де мәтіннің меңгерілуіне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Мәселен, жоғарыдағы *Геометрическим местом мгновенных центров скоростей звеньев — аксоид, вращающихся вокруг осей, пересекающихся под углом  $\delta$ , являются конусы*» деген мәтіндегі «ось» термині қазақ тіліне «кіндік» деп аударылса, ( *$\delta$  бұрышымен қиылысатын кіндіктерді айналатын звенолардың лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны — конустар болып табылады*»), осы еңбектің 114-б. *Из рис. 7.1 ясно, что в случае, когда  $P$  — мгновенный центр располагается:  $P_{12}$  — между осями вращения,  $U_{12} < 0$  (рис. 7.1,а);  $P_{34}$  — за осями вращения,  $U_{34} > 0$  (рис. 7.1, б)* [6; 114] мәтіндегі «ось» сөзі «өс» деп алынады: *7.1-суретте көрсетілгендей, егер  $P$  жылдамдықтың лездік центр айналу өстерінің арасында орналасқан жағдайда  $U_{12} < 0$  (7.1,а-сур.), ал егер айналу өстерінің сыртында орналасса  $U_{34} > 0$*  [5; 92]. Сондай-ақ осы еңбек тілінде қазақ тілінде «алғышарт» деп аталып жүрген «предпосылка» термині де екі түрлі нұсқада беріледі: *«Предпосылки для построения картины распределения скоростей механизма»* [6; 121] *Жылдамдық суретін салудың кепілдері* [5; 98] және *Пользуясь предпосылкой 2, определяют еще одну точку картину распределения скоростей следующего звена* [5; 121] — *2-ші себепті пайдаланып, келесі звеноның жылдамдық суретінің тағы бір нүктесін анықтайды* [6; 99]. «Предпосылка» сөзі аталған мысалдардың бірінде «кепіл» деп алынса, екіншісінде «себеп» деп аударылған. Және де техника саласына қатысты енді бір еңбекте терминнің бір сөйлемнің ішінде екі түрлі нұсқада берілуі де кездеседі.

*Из редукторов рассматриваемого типа наиболее распространены горизонтальные... Корпуса чаще выполняют литыми чугунами, реже — сварными стальными. При серийном производстве целесообразно применять литые корпуса* [19].

Бір сатылы цилиндрлі редукторлар горизонталды және вертикалды болып келеді. Көп тарағаны — біліктері горизонтальды орналасқан редукторлар. Олардың корпустары көбінесе шойыннан құйылып жасалады, өйткені өндірісте құйма қоралты қолданған ыңғайлы [20].

Қазақ тіліндегі мәтіннің соңғы сөйлемінде «корпус» термині өзгеріссіз де, «қорап» деп те алынған. Бұндай жағдайлар екі еңбекті қатар оқыған адамда түсінбеушілік туғызуы мүмкін.

*Основным фактором, определяющим выбор закона движения, является назначение — требование технологического процесса, выполняемого механизмом. Так, даже незначительные изменения профиля кулачка из-за износа в механизме газораспределения вызывают отклонение в законе движения клапана, и как следствие — ухудшение параметров двигателя* [6; 104] мәтіндегі «двигатель» сөзі де қазақ тіліндегі аудармасында екі түрлі нұсқада (бірде шет тілдік нұсқасында, бірде қазақ тіліндегі баламасы) берілген.

*Қозғалыс заңы механизм атқаратын міндеті, яғни технологияға, сөзсіз байланысты. Мысалы, двигательдің жұдырықша профилінің желінуден, болар-болмас өзгеруі газ таратқыш механизмде клапан қозғалыс заңына ауытқу тудырады, ал бұл қозғалтқыш параметрлерін нашарлатады* [5; 83].

Сонымен қатар техника саласының мәтіндерінде шет тілдік қысқарған терминдердің сол күйінде қолданылуы да кездеседі.

Мәселен, *Современные ЭВМ позволяют значительно облегчить кинематический анализ даже при сложных функциях параметров* [6; 100] сөйлемі қазақ тіліне аударылғанда «ЭВМ» термині «ЭЕМ» (электронды есептеу машиналары) болуы керек еді. Алайда автор кірме сөздерді экзотикалық қабылдау тәсілін қолданған: *Қазіргі кездегі ЭВМ-дер күрделі функциялы параметрлерде кинематикалық анализ жасауды жеңілдетеді* [5; 79].

Техникалық сала құрамындағы омоним-терминдердің салалық оқулықтардағы қолданысында біріздендіруді қажет ететін тұстар бар екені жоғарыдағы мысалдардан дәлелді болды. Ал бұл жұмыс тек сала маманы мен тілші-ғалымдардың бірлескен жұмысының нәтижесінде ғана мүмкін болмақ. Терминологиялық қорға жаңа атау енгізу үшін, ғалымдар оларды аудару, өз тілінен балама табу, тілдік заңдылықтарға сәйкестендіріп қабылдау, сол күйінде өзгеріссіз қабылдау сияқты түрлі тәсілдерді таңдауы мүмкін. Терминдерді тұрақтандырудың алғашқы сатысында жасалған қадам сөздің әрі қарай тек сол сала мамандарының ғана емес, ғылыми көпшіліктің де игілігіне жұмсалыуына жол ашады. Сондықтан да терминдерді тілімізге енгізерде, жан-жақты ойланып, тілші-ғалымдар мен сала мамандарының пікірімен санасып, тұрақтап қалатын терминдер қалыптастыруды мақсат ету қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Виноградов В.В.* Вопросы современного русского словообразования. — М., 1986. — С. 461.
- 2 *Реформатский А.А.* Мысли о терминологии. Современные проблемы русской терминологии. — М.: Наука, 1989. — С. 195.
- 3 *Абаев В.И.* О подаче омонимов в русском языке // Вопросы языкознания. — 1978. — № 4. — С. 44–46.
- 4 *Мұсағұлова А.К.* Қазіргі қазақ тіліндегі бизнес терминдерінің даму үрдісі: Филос. (PhD) д-ры ғыл. ... дис. автореф. — Алматы, 2014. — 13-б.
- 5 *Нұрғалиев Т., Әубәкіров Б.* Механизмдер теориясы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1995. — 126 б.
- 6 *Нұрғалиев Т., Сыздықов Ж.* Краткий курс теории механизмов. — Астана: Аграрный университет, 2000. — 178 с.
- 7 *Виноградов В.В.* Словообразование и его отношение к грамматике и лексикологии // В кн.: Вопросы теории и истории языка. — М., 1952. — С. 145–146.
- 8 *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. — М.: Наука, 1977. — С. 98.
- 9 *Құрманбайұлы Ш.* Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 141-б.
- 10 *Бессонов Л.А.* Теоретические основы электротехники. — М.: Высш. шк., 1973. — С. 42.
- 11 *Ахметов А.Қ., Қабақова Т.А.* Электротехниканың теориялық негіздері. — Астана: «Ақмола Полиграфия» ЖАҚ, 2004. — 116-б.
- 12 *Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Дәулетқұлов А.Б.* Жаңа информациялық технологиялар: Информатикадан 30 сабақ. — Алматы: ЖТИ, 2005. — 400 б.
- 13 *Балафанов Е.К., Бурибаев Б., Дәулетқұлов А.Б.* Новые информационные технологии: 30 уроков по информатике. — Алматы: ИНТ, 2005. — 400 с.
- 14 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқ. Т.Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
- 15 *Воронов Ю.И., Ковалев Л.Н., Устинов А.Н.* Ауыл шаруашылығы машиналары / Ауд. Б. Әлиев. — Алматы: «НАЗ-9» ЖШС, 2005. — 18-б.
- 16 *Воронов Ю.И., Ковалев Л.Н., Устинов А.Н.* Сельскохозяйственные машины. — М.: Высш. шк., 1983. — С. 15.
- 17 *Құрманбайұлы Ш.* Терминтанушы құралы. — Астана: Ер-Даулет, 2007. — 146, 147-б.
- 18 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. — Алматы: Мектеп, 2002. — 295-б.

19 Нукешев С.О. Машина бөлшектерін курстық жобалау. — Астана: С.Сейфуллин ат.ҚазАТУ баспасы, 2003. — 10-б.

20 Чернавский С.А., Боков К.Н., Чернин И.М. и др. Курсовое проектирование деталей машин. — М.: Машиностроение, 1987. — С. 16.

А.Н.Насыритдинова

## Термины-омонимы в технической терминологии и особенности их использования

Статья посвящена проблемам изучения технической терминологии и особенностям ее употребления. Терминология представлена как одно из направлений лингвистики. Вместе с тем автор подчеркивает, что в терминологии отражены все закономерности языкознания. Одной из таких закономерностей является омонимия. В терминологии омонимы делятся на межотраслевые и межсистемные, отличающиеся от одинаково звучащихся общеупотребительных слов. Автор отмечает, что омонимы в терминологии имеют не только разные значения, но и употребляются в разных терминологических системах. С этой целью проведен языковой анализ терминов-омонимов и их использования в учебной литературе.

A.N.Nasiritdinova

## Terms homonyms in technical terminology and feature of their use

The article is devoted to problems of technical terminology studying and features of its use. Terminology is presented as one of the directions of linguistics. At the same time the author emphasizes that all regularities of linguistics are reflected in terminology. The homonymy is one of such regularities of terminology. In terminology homonyms are divided into interindustry and intersystem, different from equally sounded common words. The author notes that homonyms in terminology have not only different meanings, but also are used in different terminological systems. For this purpose the author made the language analysis of the terms homonyms and their uses in educational literature.

### References

- 1 Vinogradov V.V. *Questions of modern Russian word formation*, Moscow, 1986, p. 461.
- 2 Reformatsky A.A. *Thoughts of terminology. Modern problems of the Russian terminology*, Moscow: Nauka, 1989, p. 195.
- 3 Abaev V.I. *Linguistics questions*, 1978, 4, p. 44–46.
- 4 Musagulova A.K. *Development of terminology of business of modern Kazakh language*: Abstract of the thesis prepared for the degree of Doctor of Philosophy in specialty «Linguistics», Almaty, 2014, p. 13.
- 5 Nurgalyev T., Aubakirov B. *Theory of mechanisms*, Almaty: Kazakh University publ., 1995, p. 126 (in Kazakh).
- 6 Nurgalyev T., Syzdykov Zh. *A short course in the theory of mechanisms*, Astana: Agricultural University, 2000, 178 p. (in Russian).
- 7 Vinogradov V.V. *Theory and history of the language*, Moscow: 1952, p. 145–146.
- 8 Danilenko V.P. *Russian terminology. Experience of linguistic description*, Moscow: Nauka, 1977, p. 98.
- 9 Kurmanbayuly Sh. *Sources of formation of terminology and methods of forming the fund terms*, Ad'fen: Сөздік-Словарь-Dictionary, 2005, p. 141.
- 10 Bessonov L.A. *Theory of Electrical Engineering*, Moscow: Vysshaya shkola, 1973, p. 42 (in Russian).
- 11 Akhmetov A.K., Kabakova T.A. *Theoretical bases of electrical equipment*, Astana: «AkmolaPoligrafiya» ZAO, 2004, p. 116. (in Kazakh).
- 12 Balapanov E.K., Buribayev B., Dauletkulov A.B. *New information technologies: 30 lessons of Informatics*, Almaty: ZhTI, 2005, 400 p. (in Kazakh).
- 13 Balaphanov E.K., Buribayev B., Dauletkulov A.B. *New information technologies: 30 lessons of Informatics*, Almaty: INT, 2005, 400 p. (in Russian).
- 14 *Defining dictionary of Kazakh Language* / Under the edit. of T.Zhanuzakov, Almaty: Daik-Press, 2008, 968 p.
- 15 Voronov Yu.I., Kovalev L.N., Ustinov A.N. *Agricultural machinery* / Transl. by B. Aliyev, Almaty: «NAZ-9» LLP, 2005, p. 18 (in Kazakh).
- 16 Voronov Yu.I., Kovalev L.N., Ustinov A.N. *Agricultural machinery*, Moscow: Vysshaya shkola, 1983, p. 15 (in Russian).
- 17 Kurmanbayuly Sh. *Textbook of terminologist*, Astana: Er-Daulet, 2007, p. 145–147.
- 18 *Kazakh interindustry terminological explanatory dictionary*, Almaty: Mektep, 2002, p. 295.

19 Nukeshev S.O. *Course design of machine details*, Astana: S.Seifullin KazATU, 2003, p. 10 (in Kazakh).

20 Shernavsky S.A., Bokov K.N., Chernin I.M. et al. *Course design of machine details*, Moscow: Mashinostroenie, 1987, p. 16 (in Russian).

ӘОЖ 82-1

Ш.А.Шортанбаев

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы*  
(E-mail: shokhan69@mail.ru)

### **Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы**

Мақалада белгілі ғалым Қ. Өмірәлиевтің «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» атты еңбектері қазақ әдебиетінің ірі өкілдері Бұқар, Дулат шығармаларымен қатар, күрескер ақын Махамбет поэзиясының тілін, жанрын, стилін жан-жақты зерттеп, ғылыми негізде талдап көрсетуге арналған еңбек екені жан-жақты дәлелденіп, жүйелі түрде берілген. Автор Махамбет поэзиясын өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен салыстыра келе, ақын шығармаларында ауыз әдебиетінің ықпал-әсері аз болмағанын атап көрсетті. Әсіресе ақынның «Соғыс», «Мінкен ер» өлеңдерінің эпостық жыр үлгісіне өте жақын келетініне ерекше назар аударады. Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін жер-су атауларының тек географиялық ұғым ретінде ғана емес, ел қонысы, халық мекені ретінде алынғандығы айтылады. Автор Махамбет поэзиясында кездесетін араб, парсы сөздеріне қатысты өз ойын дәлелдеп көрсеткен. Сондай-ақ ақын поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар жүйесі жан-жақты талданған.

*Кілт сөздер:* қазақ поэзиясы, ұлттық идея, қазақ поэзиясының жанры мен стилі, ақын тілі, синтаксистік параллелизм.

Ұлт поэзиясы тарихында өзіндік үні, стилі, ерекшелігі, орны бар Махамбет Өтемісұлының әдеби мұрасы аз зерттелген жоқ. Оған ақын поэзиясының тақырыбы, жанры, идеясы, стилі, тілі, лексикасы, көркемдік әлемі хақында әдебиетші-тілші ғалымдар тарапынан жазылған үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар, зерттеу-монографиялар дәлел. Тұңғыш рет өлеңдер жинағын топтастырып, тасқа бастырған Х.Досмұхамедұлының игі бастамасы М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Өмірәлиев, Р.Сыздықова, Ж. Тілепов, Қ. Сыдиықов, Қ. Мәдібай, тағы басқа ғалымдар еңбектерінде жалғасын тауып, ақын мұрасы ғылыми тұрғыдан жан-жақты бажайланды.

Халел ақын шығармашылығы туралы, Исатай-Махамбет көтерілісінің себептері, барысы, ондағы тарихи тұлғалар хақында тереңнен қозғап, алғаш рет жан-жақты қарастырған. Махамбеттің жыраулығы, оның ел арасында тараған сөздері, әсіресе Баймағамбет сұлтанға айтқан сөздері туралы жазады. Ақындық алымының өзгеше екеніне тоқталады.

Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде ақын мұрасы туралы, оның зар заман ақындарымен үндестігін сөз етіп, қимыл мен күрестің өзгеше жыры ретінде зерделесе, ал Сәбит Мұқанов бостандық рухындағы ақын деп бағалады.

Қажым Жұмалиев ақынның өмірі, шығармашылық ғұмырнамасы, өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, тілі, поэзиясының тарихи мәні хақында таратып айтады. Ақын қолданатын сөз образдарының мағыналық дәлдігіне, өлең жолдарының ішкі логикалық беріктігіне, біртұтас жүйесіне ерекше назар аударады.

Қазақ халқының тіл байлығын сергек көңілмен, сезімтал оймен қажетіне керегінше жарата білгенін тілге тиек ете келе, «тілінің байлығы жағынан және оны шебер қолдана білуі жағынан Махамбет атақты сөз ұсталарының қайсысынан болсын кем түспейді. Махамбет тілінің асқан көркемдігі, әр алуан поэтика тілдердің элементтерін (эпитет, теңеу, троп, фигуралардың түрлерін) жеке де, өзара байланысты түрде де өте шеберлікпен қолдана алуында ғана емес, ең алдымен, оның өлеңдерінде кездесетін сөз образдарының өмір шындығына дәл келетіндігімен, сөйлем құрылыстарының ішкі логикалық байланыстарының беріктігінде» [1], — деп атап көрсетеді.